

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№84

2021 жылғы 9 желтоқсан

Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі №175 «Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15170 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2021 жылғы 17 қарашадағы №14 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ

Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы
9 желтоқсандағы №84 шешіміне
қосымша

Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы
10 шілдедегі №311 шешіміне
қосымша

**«Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану»
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2025 жылдарға
мемлекеттік міндеттемелер**

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдар бойынша:						
Функционалдық кіші топ						2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі										
		Бағдарлама										
		Атауы										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
13				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 918 019,2	417 923,7	454 383,2	332 752,0	311 463,7	138 577,4	133 982,3	128 937,0
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 918 019,2	417 923,7	454 383,2	332 752,0	311 463,7	138 577,4	133 982,3	128 937,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 918 019,2	417 923,7	454 383,2	332 752,0	311 463,7	138 577,4	133 982,3	128 937,0
				соның ішінде:								
				«Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану»	1 918 019,2	417 923,7	454 383,2	332 752,0	311 463,7	138 577,4	133 982,3	128 937,0